

Казталов ауданы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 шілдеде № 7-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 тамызда № 7-8-147 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 30 қазандағы № 18-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 30.10.2013 № 18-2 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес Казталов аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Казталов ауданы мұқтаж азаматтардың келесі жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) мемлекеттік мереке Жеңіс күніне:
Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 50 000 теңге;
бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына - 10 000 теңге;
екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 10 000 теңге;
қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға – 10 0 0 0 т е ң г е ;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің қайтадан некеге тұрмаған жесірлеріне – 10 000 теңге;
қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай - ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны

" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың қайта некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 5 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға - 5 000 теңге;

соғыс жылдарында тылда еңбек еткен азаматтарға – 3 000 теңге;

2) Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға және қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) әскери қызметшілердің отбасыларына – 10 000 теңге;

3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқандарға, апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға және апаттың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына - 10 000 теңге;

4) 100 жасқа толған және одан асқан азаматтарға, біржолғы 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

5) соғыс жылдарында тылда еңбек еткен азаматтарға санаторлық – курорттық емделу үшін біржолғы жергілікті бюджеттен көзделген қаржы шегінде;

6) кедейлік шегінен төмен тұратын аз қамтылған азаматтарға, дәрігерлік-кеңестік комиссияның қортындысы мен дәрігердің жолдамасы негізінде ауданның тысқары жерлерде емделуге баратын біржолғы 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

7) аз қамтылған азаматтың жерлеуін жүзеге асырған тұлғаға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

8) өрттен, су тасқыны, басқа да табиғи немесе техногендік сипаттағы апатқа ұшыраған азаматтарға (отбасыларға) 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған және емделіп жүрген туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға, біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

10) "Капустин Яр" және "Азғыр" әскери - сынақ полигондары әсерінен зардап шеккен аудан көлемінде тұратын бала кезінен мүгедектерге, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға және жалпы аурудан 1 топ мүгедектеріне 2 айлық есептік көрсеткіш, жалпы аурудан 2 топ мүгедектеріне 1,5 айлық есептік көрсеткіш, жалпы аурудан 3 топ мүгедектеріне 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2. Қосымшаға сәйкес аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

хатшысы

Е. Газизов

Аудандық

мәслихаттың

2012

жылғы

30

шілдедегі

№

7 - 2

шешіміне

қосымша

Аудандық мәслихаттың күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Казталов аудандық мәслихатының "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 16-3 шешімі, (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-8-87 тіркелген, 2009 жылғы 18 мамырдағы "Ауыл айнасы" газетінің № 24 жарияланған).

2. Казталов аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 16-3 "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25-3 шешімі, (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-8-101 тіркелген, 2010 жылғы 29 наурыздағы "Ауыл айнасы" газетінің № 16-17 жарияланған).

3. Казталов аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 16-3 "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 8 сәуірдегі № 26-1 шешімі, (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-8-102 тіркелген, 2010 жылғы 19 сәуірдегі "Ауыл айнасы" газетінің № 20 жарияланған).

4. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 16-3 "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 39-6 шешімі, (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-8-127 тіркелген, 2011 жылғы 6 мамырдағы "Ауыл айнасы" газетінің № 21-22 жарияланған).

5. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 16-3 "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу

туралы" 2011 жылғы 3 тамыздағы № 41-3 шешімі, (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-8-130 тіркелген, 2011 жылғы 19 қыркүйектегі "Ауыл айнасы" газетінің № 40 жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК